ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

# «EDU.E-HISTORY.KZ»
# ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



*№ 1(21) қаңтар-наурыз 2020*
**ISSN 2710-3994**

**Бас редактор:**
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

**Редакциялық алқа:**

*Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)*

*Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызғыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Кырғызстан)*

*Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихыинституты директорының орынбасары. (Казахстан)*

*Әлімбай Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)*

*Әбусеитова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БжҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)*

*Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)*

*Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)*

*Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)*

*Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)*

*Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Казахстан)*

*Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)*

*Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)*

*Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағыЕуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)*

*Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)*

*Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*

*Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)*

*Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)*

*Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)*

*Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)*

*Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)*

*Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*

*Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)*

*Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)*

**Жауапты редактор:**
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы
**Ғылыми редактор:**
Қозыбаева Махаббат Мәліккызы
**Редактор:**
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы
**Жауапты хатшы:**
Қоңқабаева Арайлым
**Техникалық хатшы:**
Хумарзах Алтынбек

**Главный редактор:**
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

**Редакционная коллегия:**

*Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт- Петербурге (Россия)*

*Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)*

*Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)*

*Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)*

*Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государстваКН МОН РК (Казахстан)*

*Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*

*Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)*

*Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)*

*Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*

*Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)*

*Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)*

*Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)*

*Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)*

*Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)*

*Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)*

*Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана»*

*Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)*

*Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)*

*Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогическийуниверситет (Литва)*

*Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)*

*Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*

*Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)*

*Таймагамбетов Жакен Кожахметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК,Национальный музей РК (Казахстан)*

**Ответственный редактор:**
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна
**Научный редактор:**
Козыбаева Махаббат Маликовна
**Редактор:**
Кубеев Рустем Джаулыбайулы
**Ответственный секретарь:**
Конкабаева Арайлым Нурболатовна
**Технический секретарь:**
Хумарзах Алтынбек

**Editor-In-Chief:**
Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

**Members of editorial board:**

*Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)*

*Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)*

*Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

*Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)*

*Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)*

*Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)*

*Karibayev Bereket Bakhytzhanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy ofSciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)*

*Kozhirova Svetlana Bassievna – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)*

*Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)*

*Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy ofSciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)*

*Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)*

*Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)*

*Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)*

*Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)*

*Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member ofGerman Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NationalAcademy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

**Executive Editor:**
Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

**Scientific Editor:**
Kozybayeva Makhabbat Malikovna

**Editor:**
Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

**Executive Secretary**
Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

**Technical secretary:**
Khumarzakh Altynbek

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.

# СОЛТҮСТІК-ШЫҒЫС КАСПИЙ МАҢЫ ЖӘНЕ ОҒАН ІРГЕЛЕС АУДАНДАРДАҒЫ САРМАТ МӘДЕНИЕТІ: ПРОБЛЕМАЛАР, ГИПОТЕЗАЛАР

**Раздыков С.З.[1], Зайнов А.М.[2]**

[1]Т.ғ.к., доцент
[2]Т.ғ. магистрі. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ. Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

**Аңдатпа.** *Кіріспе.* Мақала Солтүстік-Шығыс Каспий маңы және оған іргелес аудандардағы сармат мәдениетінің проблемаларына арналған. Солтүстік-шығыс Каспий маңының іргелес аудандары ретінде Батыс Қазақстан, Ақтөбе облыстарының территориялары, Оңтүстік Орал маңы, Еділ бойы, Үстірт аумақтары қамтылған. Тақырыпқа қатысты ғылыми әдебиеттердегі маңызды проблемалар, гипотезалар қарастырылады және талдау жасалады. Сармат мәдениетінің дискуссиялық проблемалары көрсетілген. XX ғ. бірінші ширегінде М.И. Ростовцевтің еңбектерінен бастау алған сармат мәдениетінің проблемалары күні бүгінге дейін қызу зерттелуде. Бұлар сармат мәдениетінің пайда болуы, кезеңделуі, этникалық тиістілігі және т.б. мәселелер. Зерттеушілер сармат мәдениеті ұзақ тарихи даму жолынан өткендігін дәлелдеді. Оның қалыптасуы мен дамуы б.з.д I мыңжылдықтың бірінші жартысынан бастау алып б.з. I мыңжылдығының I жартысына дейін созылады.
**Түйін сөздер:** көшпенділер, ерте темір дәуірі, сармат, Солтүстік-Шығыс Каспий маңы, Батыс Қазақстан, Оңтүстік Орал маңы, Еділ бойы, Үстірт, савромат

# САРМАТСКАЯ КУЛЬТУРА НА СЕВЕРО-ВОСТОЧНОМ ПРИКАСПИЙИ В ПРИЛЕГАЮЩИХ К НЕМУ РАЙОНАХ: ПРОБЛЕМЫ, ГИПОТЕЗЫ

**Раздыков С.З.[1], Зайнов А.М.[2]**

[1]Кандидат исторических наук, доцент. ЕНУ им. Л.Н. Гумилева. Казахстан, г. Нур-Султан.
[2]Магистр исторических наук. ЕНУ им. Л.Н. Гумилева. Казахстан, г. Нур-Султан.

**Аннотация.** *Введение.* Статья посвящена проблемам сарматской культуры на Северо-Восточном Каспийском регионе и прилегающих к нему районах. В качестве прилегающих районов к Северо-Восточному Каспийскому региону считаются: территории Западно-Казахстанской, Актюбинских областей, Южный Приуралье, Повольже и Устюрта. Рассматриваются и анализируются важные проблемы, гипотезы касательно темы, приведенные в научных литературах. Обсуждены дискуссионные проблемы сарматской культуры.
Проблемы сарматской культуры, начавшиеся в первой четверти XX века с работ М.И. Ростовцева, до сих пор остро изучаются. Это – происхождение, периодезация, этническая принадлежность и другие вопросы сарматской культуры. Исследователи доказали, что сарматская культура прошла долгую историю развития. Его формирование и развитие началось в первой половине I тысячелетия до нашей эры и длится до первой половины I тысячелетия нашей эры.
**Ключевые слова:** Северо-Восточный Прикаспий, Западный Казахстан, Южно Приуралье, Повольже, Устюрт, савромат, сармат, ранний железный век, кочевники.

# SARMATIAN CULTURE IN THE NORTH-EAST CASPIAN AND ADJACENT AREAS: PROBLEMS, HYPOTHESES

**Razdykov S.Z.[1], Zainov A.M.[2]**

[1]Candidate of Historical Sciences, senior lecturer. L.N.Gumilyov ENU. Kazakhstan
[2]Master'sin Historical Sciences.L.N.Gumilyov ENU. Nur-Sultan, Kazakhstan

**Abstract**. *Introduction.* The article is devoted to the problems of Sarmatian culture in the North-Eastern Caspian regionand in the areas adjacent to it. The following areas are considered as adjacent areas to the North-Eastern Caspian region: territories of West Kazakhstan, Aktobe regions, Southern Urals, Volga and Ustyurt. The important problems and hypotheses regarding the topics cited in the scientific literature are being consideredand analyzed. Discussed problems of Sarmatian culture.
The issues of Sarmatian culture, which began in the first quarter of the twentieth century with the works of M.I. Rostovtsev, are still being keenly studied. This is the origin, periodization, ethnicity and other issues of Sarmatian culture. Researchers have proven that Sarmatian culture has gone a long history of development.Its formation and development began in the first half of the 1st millennium BC and lasts until the first half of the 1st millennium AD.
**Keywords:** North-Eastern Caspian region, Western Kazakhstan, South Urals, Volga region, Ustyurt, Savromat, Sarmatian, Early Iron Age, nomads.

**Кіріспе**

Оңтүстік Орал және Арал маңы аумағынан Қара Теңіздің солтүстік аудандарына дейінгі территориядағы темір дәуірінің ескерткіштері сармат тайпаларымен байланыстырылады. Көшпенді сармат тайпалары Еуразия кеңістігінің далалық аймағының тарихында айтарлықтай із қалдырды. Олар біздің дәуірімізге дейінгі мыңжылдықтың кейінгі ғасырлары және біздің дәуіріміздің алғашқы ғасырларында Оралдан Дунайға дейінгі орасан зор территорияны бағындыра отырып ежелгі әлемнің солтүстік-шығыс шеткі аймақтарында жетекші саяси күшке айналады (Скрипкин, 1990: 3).

Солтүстік-шығыс Каспий маңы ерте темір дәуірінде сармат мәдениетінің ошақтарының бірі болғандығын археологиялық зерттеулер, барлау жұмыстары дәлелдеді. Дегенмен аймақтағы ерте темір дәуірінің зерттелуі өзге аймақтармен салыстырғанда мардымсыз болғандықтан сармат мәдениетінің проблемалары іргелес аудандардың (Батыс Қазақстан, Ақтөбе облыстарының территориялары, Үстірт, Оңтүстік Орал маңы) негізінде алынған.

**Материалдар мен әдістер**

Сармат мәдениеті – археология ғылымындағы күрделі тақырыптардың бірі. Көптеген зерттеушілердің пікірінше бұл терминмен Еуразияның далалық аймағын мекен еткен (Қазақстанның батыс аймағы, Оңтүстік Орал маңы, Еділ бойы және т.б.) мекен ерте көшпенділер мәдениеті байланысты. Ұсынылып отырған мақалада белгілі сарматологтардың еңбектеріндегі сармат мәдениеті проблемаларына шолу, талдау жасалған.

Зерттеу әдісінің негізі тарихилық, объективтілік және жүйелілік принциптері болып табылады. Зерттеу кезінде жалпы тарих ғылымына тән әдістер – салыстырмалылық, жүйелілік, сондай-ақ археологияға тән әдістер – аналогтарды таңдау әдісі, деректерді формализациялау қолданылды.

**Талдау**

XX ғ. бірінші ширегі – XX ғ. 30 жылдары Солтүстік-шығыс Каспий маңы және оған аудандардың (Оңтүстік Орал маңы, Еділ бойы, Үстірт, Маңғыстау) сарматологиясы бастапқы кезеңінбастан кешірді.

Осы аймақтардың ерте темір дәуіріндегі көшпенділер мәдениеті проблемаларын зерттеген ғалымдар қатарында (Ростовцев, 1918, 1925; Граков , 1929; П.Д. Рау, 1929; Рыков, 1936). Аталған ғалымдардың еңбектерінде Қазақстанның батыс аймағын мекендеген ерте көшпенділердің ескерткіштеріне алғаш рет талдау жасалады.

XX ғ. 40-80 жж. Қазақстанның батыс аудандарының сармат мәдениеті проблемаларын өз еңбектерінде қарастырған ғалымдар ішінде (Граков, 1947; Сальников, 1940, 1952; Толстов, 1948; Смирнов, 1957, 1964, 1977; Мошкова, 1961, 1991, 1974; Пшеничнюк, 1979; Железчиков, 1980; Скрипкин, 1987) атап өтуге болады. Осы уақыт шегінде археологиялық қазба жұмыстарының белсенді жүргізілуі нәтижесінде тың материалдардың жинақталуы аталған ғалымдарға сармат мәдениетін кеңінен талдауға мүмкіндік берді.

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарынан бүгінгі уақытқа дейін Солтүстік-шығыс Каспий маңы және оған іргелес аудандардың ерте көшпенділер мәдениеті проблемаларына еңбектерін арнаған ғалымдардан (Таиров, Гаврилюк, 1988; 1990; Скрипкин, 1990; Ольховский, 1996; Ольховский, Галкин, 1997; Зуев, 1998; Таиров, 2000; Гуцалов, 2004; Самашев, Яблонский 2007, 2011; Исмагил, Сунгатов, 2011) атап өтуге болады.

**Нәтижелері**

Ерте темір дәуірінде қазақ даласының батыс бөлігін мекендеген көшпенді халықтардың шығу тегі, олардың діни наным-сенімдері, шаруашылығы және тұрмыстың басқа да жақтары ежелгі дәуірден-ақ ғалымдардың назарын аударды. Мәселен, Геродоттан бастап (б.з.д. V ғ.) антикалық уақыттың көптеген ғалымдары алыс шығыс жерлерінде мекендеген көшпелі қоғамдар туралы қызықты мәліметтерді бізге қалдырды.

Сарматологияның қалыптасу кезеңіндегі елеулі оқиғалардың бірі М.И. Ростовцевтің «Курганные находки Оренбургской области эпохи раннего и позднего эллинизма» атты басты еңбектерінің бірінің жарыққа шығуы болып табылады. М.И. Ростовцев өз монографиясында алғаш рет сармат ескерткіштеріне талдау жасап, жерлеу дәстүрі мен материалдық мәдениетіне аналогтар келтіреді. Осылайша, ол Покровка ауылы маңындағы қорғандар мен Биш-Уба қорымын б.з.д. VI–V ғғ. апара отырып, тым ертелігіне алғаш назар аударады. Сонымен қатар М.И. Ростовцев алғаш рет Оңтүстік Орал мен Батыс Қазақстан ескерткіштері Солтүстік Қара теңіз және Оңтүстік Сібірдің жерлеу кешендеріне ұқсас екенін атап өтті, бұл кейінгі жылдардағы зерттеулермен дәлелденді (Ростовцев, 1918: 23-24, 25, 30, 80). Атақты Прохоров қорғандарының материалдарын қарастыра отырып, ол зерттелген қорғандар кейінгі даталармен аяқталуы тиіс деген қорытындыға келді. (Ростовцев, 1918: 31, 51-52, 76). М.И. Ростовцев өз еңбектерінде савроматтар және сарматтар иран тілдес болды деген пікірді ұстанды. Оның пікірінше савроматтар мен сарматтар генетикалық байланысы жоқ екі түрлі халық. Мысалы, Покровка ауылының жанындағы қорғандарды б.з.д. VI–V ғғ. савромат тайпалары тұрғызса, ал Прохоровты – Оңтүстік Орал маңының далаларына кейінірек қоныс аударған сармат тайпалары тұрғызған (Ростовцев, 1925: 612).

Сарматология өткен ғасырдың 20-30 жж. Орынбор мен Батыс Қазақстанда жүргізілген жаңа қазбаларға байланысты жаңа серпін алады. Б.Н. Граков Төменгі Еділ мен Оңтүстік Орал маңы қорғандарының материалдарын талдай отырып, осы аймақтарды ерте темір дәуірінде мекендеген халықтардың мәдени бірлігі туралы гипотезаны ұсынды. Б.Н. Граков Еділ-Орал халқын Орталық Азиядан қоныс аударған скиф тайпаларына жатқызады. Прохоров қорғандарын сарматтармен

байланыстыра отырып, ол М.И. Ростовцевтің сарматтардың савроматтармен бір екендігін жоққа шығаратын көзқарасты ұстанды. Оның пікірінше, б.з.д. IV ғ. Еділ-Орал аймағына скифтердің орнына сарматтар келеді (Граков, 1999: 26-32).

Белгілі ғалым П.Д. Рау Еділ-Орал даласының жерлеу ескерткіштерінің хронологиясына және олардың ерекшеліктеріне баса назар аударды. Ол алғашқылардың бірі ретінде сармат мәдениетін бірнеше этапқа бөле отырып, хронологиясын жасады. Алғашқылардың бірі болып кейбір жебе ұштары мен құрбандық тастарының Төменгі Еділдің материалдарынан айырмашылығы туралы пікір айтты. Сонымен қатар аң стилінің бірқатар сарындарының дербес даму тарихы бар деп санады (Rau, 1929: 80).

П.С. Рыков 1936 ж. Скиф дәуіріндегі көшпенділер мәдениетінің қола дәуірінен бастап тамыры бір деген гипотезаны ұстанды. Осылайша ол миграцияны савромат мәдениетінің қалыптасуында негізгі фактор деп санаған басқа ғалымдардың пікірін жоққа шығарды (Рыков, 1936:106).

1947 ж. Б.Н. Граковтың «Пережитки матриархата у сарматов» атты савромат-сармат тайпалары мәдениетінің генезисіне арналған мақаласы сарматологияда соғыстан кейінгі жылдардағы ең басты жаңалық болып табылды және күні бүгінге дейін маңыздылығын жойған жоқ. Б.Н. Граков өз еңбегінде савромат-сармат мәдениетінің (савроматтар мен сарматтар) тасымалдаушылары жақын туыс көшпелі тайпалар деген жаңа көзқарасты ұсынады. Ол біртұтас савромат-сармат мәдениетін Еділ-Орал өңірі халқы мәдениетінің дамуының жекелеген кезеңдері болып табылатын төрт хронологиялық сатыға бөледі. Бұған сәйкес савромат-сармат мәдениеті төмендегіше бөлінеді: Савроматтық немесе блюмендфельд мәдениеті (б.з.д. VI–IV ғғ.); Савромат-сармат немесе прохоров мәдениеті (б.з.д. IV–II ғғ.); Сарматтық немесе суслов мәдениеті (б.з.д. II ғ. соңы–б.з.II ғ.); Аландық немесе шипов мәдениеті (б.з. II–IV ғғ.).

Автохтондық көзқарасты К.В. Сальников ұстанды, оған сәйкес Оңтүстік Орал мен Оңтүстік Орал сырты халқының мәдениетінің тамыры қола дәуірімен ұштасады. Жаңатан ауылындағы қорымның қорғандарындағы қазба жұмыстары ескерткіштің бірнеше ғасыр бойы қызмет етті деген пікірге алып келді (Сальников, 1940: 122-138). Ол қаралып отырған аумақта б.з.д. VII–VI ғғ. тұрған савроматтарды андронов және қима-хвалын мәдениеттерін тасымалдаушылардың ұрпақтарын деп есептеді. Б.з.д. IV ғ. савроматтарды сарматтар ауыстырады (Сальников, 1952: 86-92).

Савроматтар мен сарматтардың шығу проблемасын С.П. Толстов та қарастырды. Ол негізгі еңбектерінің бірінде савроматтарды массагет-хорезм тобындағы иран тілдес халықтар деп есептей отырып скиф тайпаларынан бөліп қарастырды және Арал маңынан шыққан халықтарға жатқызды. Оның пікірінше, массагеттер мен савроматтарды матриархалдық қарым-қатынас, от культі және жылқыны құрбандыққа шалу сияқты мәдениет белгілері жақындастырады. Савроматтардың Батыс Қазақстан далаларына қоныс аударуының себебін массагеттер қысымынан көрді. С.П. Толстов Б.Н. Граковтың савроматтар мен сарматтардың туыстығына қатысты көзқарасын жақтады. Ол сарматтарды дах-массагет тобының тайпасымен байланыстырды (Толстов, 1948: 221-222).

Оңтүстік Орал мен Батыс Қазақстандағы савромат-сармат мәдениетінің қалыптасуы мен дамуын зерттеуге еуразиялық көшпелі тайпалар білгірлерінің бірі К.Ф. Смирновтың бірқатар еңбектері арналды. Ол көптеген еңбектерінде Б.Н. Граков пен К.В. Сальниковтың идеясын қолдады. К.В. Сальников сияқты ерте көшпенділердің кейінгі қола халқымен генетикалық байланысы туралы гипотезаны ұстанды. Жерлеу рәсімін, заттай инвентарларын, әсіресе керамика мен антропологиялық заттарды талдау савроматтар Оңтүстік Орал мен Батыс Қазақстанның автохтонды халқы болатындығын және қима-хвалын, андрон мәдениеттерін тасымалдаушыларға тікелей қатысы бар деп болжауға мүмкіндік берді.

Ол өзінің алғашқы еңбектерінде савромат-сармат мәдениетін төрт кезеңге бөлді: савроматтық (б.з.д. VI–IV ғғ.); ертесарматтық (б.з.д. IV–II ғғ.); ортасарматтық (б.з.д. I в.–б.з. II ғ.басы); кейінгі сарматтық (б.з. II–IV ғғ.).

К.Ф. Смирновтың пікірінше б.з.д. VI ғ. Солтүстік Каспий маңы аумағында Солтүстік Қара теңіздегі скиф мәдениетіне жақын савроматтардың бірыңғай мәдениеті қалыптасты. Оның пікірінше савромат мәдениеті сәйкесінше екі түрге бөлінді: өзіндік жерлеу дәстүрлері тән самара-орал және еділ бойылық негізде. К.Ф. Смирнов еділ-оралдықтарды біртұтас археологиялық мәдениеті бар ертесарматтық тайпалар – савроматтар деп қарастырды. Орал маңындағы тайпалардың этникалық әртектілігін атай отырып, жазба деректердің негізінде олардың массагеттермен генетикалық байланысын атап өтті (Смирнов, 1957: 16-18).

К.Ф. Смирнов сарматтарды скифтермен тілдік туыстас болған иран тілдес тайпалардың солтүстік-шығыс тобы деп көрсетті. Ол сарматтардың пайда болу территориясы Орта Азияның өзге де көптеген иран тілдес тайпалары сияқты ортақ деп санады (Смирнов, 1957: 12-14).

XX ғасырдың 60-70 жж. жаңа материалдардың пайда болуы, әсіресе Елек өзеніндегі жерлеу кешендерінің жаңа материалдарына байланысты ерте көшпелілер мәдениетінің генезисі және жерлеу кешендерінің даталануына қатысты ғалымдардың да көзқарастары өзгере бастады. Нақты материалдардың жинақталуы К.Ф. Смирновқа савромат-сармат мәдениетінің хронологиялық шеңберін қайта қарауға мүмкіндік берді. Сонымен, ол савромат кезеңінің Төменгі Еділ бойы мен Оңтүстік Орал маңының жерлеу ескерткіштерін төрт кезеңге бөлді: б.з.д. VIII–VII ғғ., б.з.д. VII ғ. соңы–VI ғ., б.з.д. VI ғ.соңы–V ғ., б.з.д. V ғ. соңы–IV ғ. Осылайша, К.Ф. Смирнов өтпелі кезең уақытын б.з.д. VIII–VII ғғ. ретінде белгілей отырып, оның ескерткіштерін бөлді. Осы уақыттың жерлеулерінде қола дәуіріне, сондай-ақ савромат мәдениетіне тән жаңа белгілер байқалады (Смирнов 1957: 10; 1964: 26). Еділ-Орал өңіріндегі савромат мәдениетінің түпкілікті қалыптасуын б.з.д. VII–VI ғғ. жатқызды. Бұл ретте ол Оңтүстік Орал маңының көшпелілерін шартты түрде савроматтар деп белгіледі және самара-оралдық савромат мәдениетінің тасымалдаушылары протоаорстар, мүмкін Геродоттағы исседондар мен массагеттер болып табылатындығын айтты (Смирнов, 1964: 286). Кейінгі еңбектерінде Д.А. Мачинский мен В.П. Шиловтың сындарын ескере отырып, көшпенділердің Орал сырты тобын исседондармен, ал Елек өзені мен Жайық өзенінің орта ағысы көшпенділерін дахтартарға және дах-массагет тайпаларына теңеді (Смирнов, 1977: 134-137).

К.Ф. Смирнов бұрынғыдай ерте сармат мәдениетінің бастауларын савромат мәдениетінен таратады. Сонымен қатар, ертесармат (Прохоровтық) мәдениетінің қалыптасуындағы басты рөлді самара-орал тобының көшпенділеріне берді. Оның көзқарасы бойынша, савроматтардың қоныстану аумағында б.з.д. IV ғ. жаңа мәдениеттің пайда болуына түрткі болған үлкен өзгерістер болды. Жаңа ертесармат мәдениетінің қалыптасу үрдісіне Оңтүстік Орал аумағына миграцияланған Орал сырты, Қазақстан және Арал маңының туыстық тайпалары қатысты. Ерте сармат мәдениетінің қалыптасуындағы басты рөл Елек пен Ор өзендерінің көшпенділеріне берілді (Смирнов, 1964: 286;).

Автохтондық көзқарастың жақтаушыладың бірі – М.Г. Мошкова. Ол бірқатар жарияланымдарында савромат-сармат дәуіріндегі ерте көшпелілер мәдениетінің қалыптасуы мен генезисі туралы Б.Н. Граков пен К.Ф. Смирнов гипотезаларын қолдады. К.Ф. Смирнов сияқты андронов және қима мәдениетін тасымалдаушылардың савроматтармен генетикалық байланысы туралы пікірді ұстанды (Мошкова, 1961: 121, 124).

М.Г. Мошкова өз зерттеулерінде ертесармат мәдениетінің хронологиялық шеңберін б.з.д. IV–II ғғ. жатқыза отырып, үш кезеңге бөлді – б.з.д. IV ғ., б.з.д. IV–III ғғ. және б.з.д. III–II ғғ. (Мошкова, 1962 б: 78, 1963: 8). Сонымен қатар, өз еңбектерінде б.з.д. I ғ., немесе б.з.д. II ғ. соңын ертесармат мәдениетінің қалыптасу кезеңі ретінде көрсетті (Мошкова, 1991: 16).

М.Г. Мошкова Оңтүстік Орал өңірі халқының ертесармат мәдениетінің қалыптасу үрдісіне өзге де мәденит ошақтарының әсерін жоққа шығармады. Қарастырылып отырған аумақтағы және Орал сыртындағы керамикалар коллекциясына талдаулар ертесармат мәдениетінің қалыптасуы мен дамуына гороховтық тайпалар тобының қатысу ықтималдығын көрсетті. Оңтүстік Орал маңы даласына миграциямен бірге дөңгелек түпті талькті керамика жасау дәстүрі келді (Мошкова, 1974: 47-48).

Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстары аумағындағы жаңа қазбалар Б.Ф. Железчиковқа Оңтүстік Орал маңы ерте көшпенділер мәдениетінің жекелеген кезеңдерінің хронологиялық шеңберін біршама өзгеше қарауға мүмкіндік берді. Мәселен, савромат және ерте сарматтық кезеңдер б.з.д. VI–V ғғ. және б.з.д. IV–II ғғ. шеңберінде анықталды. Б.Ф. Железчиков Оңтүстік Орал маңының савроматтық мәдениетінің самара-орал нұсқасын екі топқа бөлді: шығыстық және батыстық. Ол шығыс тобының ескерткіштеріне Шығыс Орынбор, Елек тобы, солтүстік-шығыс Башқұртстан жерлеу-рәсімдік кешендерін және Лебедевка қорымы кешенін жатқызды. Батыс тобына Жайықтың солтүстік жағалауындағы Оңтүстік және Батыс Башқұртстан, Самара мен Шаған өзендері алаптарының ескерткіштері ұсынылды (Железчиков, 1980: 11, 13).

Б.Ф. Железчиков жерлеудегі оңтүстік бағдарды ертесармат мәдениетін анықтайтын анықтамалық белгілердің бірі ретінде мойындай отырып, оның Елек тобының ескерткішетрімен қатар б.з.д. V ғ. ретінде даталанатын Жайықтың солтүстігіндегі территориядағы жерлеу кешендерінде де кездесетінін атап өтті. Оңтүстік бағдардың Оңтүстік Орал маңының жерлеулерінде пайда болу және таралу себебін іргелес өңірлердегі тайпалардың, әсіресе Арал маңы сақтарының ықпалымен және қарастырылып отырған аумақтың көшпелеріндегі діни дүниетанымның трансфармациялануымен түсіндірді (Железчиков, 1980: 4-5). Жалпы, Б.Ф. Железчиков б.з.д. V ғ. ескерткіштеріндегі жерлеу дәстүрінде ертесарматтық (прохоровтық) мәдениетттің негізгі диагностикалық белгілерінің ерте білінуі туралы көзқарасты ұстанды. Ол б.з.д. III ғ. Батыс Қазақстан мен Оңтүстік Орал маңы далаларында ескерткіштердің азаюын тұрғындардың іргелес территорияларға жылжуымен байланыстырады. (Железчиков, 1980: 6-7).

Б.Ф. Железчиков кейінгі еңбектерінде ертесармат мәдениетінің генезисі мәселелері бойынша көзқарасын өзгертті. Ол Орал-Еділ бойы көшпенділерінің мәдениетін аудандастыру мәселелерінде Төменгі Еділ бойы мен Оңтүстік Орал маңында дербес екі мәдениет болған деген пікірін ұстанған М.А. Очир-Горяеваны қолдады (Железчиков, Барбарунова, 1993: 56). Археологиялық ескерткіштердің материалдарын, әсіресе XX ғ. 70-ші жылдарында Ақтөбе облысы территориясында зерттелген Сынтас, Бесоба жерлеу-рәсімдік ескерткіштерінің материалдарын талдай отырып көшпенділер мәдениеті «дайын» түрінде пайда болды деген қорытындыға келді. Б.Ф. Железчиковтың пікірінше, ертесарматтық мәдениет Батыс Қазақстан мен Оңтүстік Орал маңы далаларына Арал маңы мен Сарықамыш ойпатындағы сақ тайпаларының миграциялануына байланысты қалыптасты (Железчиков, 1994: 16).

Б.Ф. Железчиков ертесарматтық мәдениеттің хронологиялық шеңберіне де қатысты пікірін өзгертті. Оның өмір сүру уақытын б.з.д. VI-II ғғ. жатқызды. Бұл ретте ол қола дәуірінен бастау алатын савромат дәуіріндегі көшпенділер мәдениетінің сабақтастығы туралы өзіне дейінгілердің гипотезасын жоққа шығарды (Железчиков, 1997: 10-11, 42).

Башқұртстан ескерткіштерін зерттеуші А.Х. Пшеничнюктың тұжырымдамалары да көңілге қонымды. М.Г. Мошкова сияқты Оңтүстік Орал көшпелілерінің керамикалық кешенін қалыптастыруда Орал сырты орманды дала халықтарының әсерін жоққа шығармады. Бірақ сонымен бірге ол ертесарматтық мәдениеттің қалыптасу уақытын Б.Ф. Железчиков б.з.д. V ғ. ретінде анықтағандай тым ерте екенін атап өтті. Нақ осы кезеңде Батыс Қазақстан мен Оңтүстік Орал маңының далаларында оңтүстік бағыт пен дөңгелек түпті керамика пайда болады (Пшеничнюк, 1979: 105-106).

А.Х. Пшеничнюк кейінгі еңбектерінде ертесармат мәдениеттің қалыптасу уақытын б.з.д. VI ғ. соңы – V ғ. жатқызды. Оның көзқарасы бойынша бұл кезең ертесарматтық мәдениет дамуының бастапқы кезеңі болып табылады. Осылайша, ол савромат және ерте сармат мәдениетін біртұтас мәдениет аясында біріктірді, оның хронологиялық шеңберін б.з.д. VI–III ғғ. соңы деп анықтады. Ерте сармат мәдениетін диагностикалайтын негізгі белгілерге дөңгелек түпті керамика және оңтүстік бағдармен қатар жанама қуысты жерлеу орындарын жатқызды. А.Х. Пшеничнюк өз еңбектерінде сақтардың Оңтүстік Орал көшпелілерінің мәдениетін қалыптастыруға қатысуымен келісе отырып Оңтүстік Орал мен Батыс Қазақстан далаларында тас панцирлердің, ағаш және шатырлы қабір үсті конструкцияларының, беткі деңгейдегі жерлеулердің, шүмекті ыдыстардың, жебенің сағақты қола ұштарының және т.б. пайда болуын сақ тайпаларының келуімен түсіндіреді (Пшеничнюк, 1995: 95-96).

А.Д. Таиров және А.Г. Гаврилюк ертесармат мәдениетінің қалыптасуының бастапқы кезеңдерінің өте ерте басталғандығының жақтаушылары болды. Олар өздеріне дейінгі ғалымдар сияқты ертесармат мәдениетінің мәдени анықтаушы белгілері жерлеу кешендерінде б.з.д. VI ғ. соңы – V ғғ. бастап кездесе бастайды деп есептейді. Сонымен қатар, негізгі белгілер, ең алдымен Оңтүстік Орал көшпелілерінің элиталық қорғандарында тіркеле бастайтынын атап өтеді. Зерттеушілердің пікірінше, сақтармен қатар, ерте сармат мәдениетінің генезисіне Солтүстік Қара теңіз және Солтүстік Кавказдан миграцияланған скифтер де қатысты (Таиров, Гаврилюк, 1988: 147-148, 149).

А.Д. Таировтың пікірінше, Оңтүстік Орал маңы мен Батыс Қазақстан аумағында жаңа прохоровтық мәдениеттің қалыптасуы оңтүстік аймақтарда болған саяси оқиғалардың нәтижесі болуы мүмкін. Сонымен, б.з.д. VI ғ. екінші жартысында Ахеменид империясы жаулап алу саясатын күшейтті. Ахеменид империясының шығыстағы жаулап алу жорықтарының салдары сақ тайпаларының кейбір бөлігінің бағынуына, бағынбағандарының солтүстікке, Орал маңы далаларына қоныс аударуына әкелді. Осы оқиғалар көшпенділердің басқа бір бөлігін өздерінің негізгі қысқы жайылымдарының орындарын өзгерте отырып, Үстірт пен Маңғышлаққа жылжуына мәжбүр етті.

Бұған дейінгідей де А.Д. Таиров б.з.д. VI–V ғғ. екінші жартысында батыс өңірі халықтарының ертесармат мәдениетін қалыптастыруға қатысу ықтималдығын айтты. Оның пікірінше, алдыңғы азиялық жорықтардан қайтып оралғаннан кейін скифтердің мәдени импульсі күшейе түседі. А.Д. Таиров Прохоров мәдениетінің қалыптасуы мен дамуы орын алған екі тарихи-мәдени аймақты – Оңтүстік Орал маңы мен Орал сырты аймағын атап өтеді. Бұл ретте ол жаңа мәдениеттің генезисіндегі жетекші рөлді Оңтүстік Орал маңы көшпенділеріне береді. Ол прохоров мәдениетінің түпкілікті қалыптасуын б.з.д. IV ғ. екінші жартысына жатқызды. (Таиров, Гуцалов, 2001: 163).

А.Д. Таиров өз еңбектерінде А.Х. Пшеничнюктің Оңтүстік Орал маңында ерте сармат (прохоров) мәдениетінің жергілікті нұсқасының бөлінуі мүмкіндігі туралы көзқарасын жүзеге асырды. Ол прохоров мәдениетінің оңтүстікоралдық нұсқасын төрт сатыға бөлді: А – б.з.д. VII ғ. ортасы – VI ғ.; В – б.з.д. VI ғ. екінші жартысы, С – б.з.д. V–IV ғ., екінші жартысы және D – б.з.д. III-II ғғ. Бұл ретте, бірінші сатыны (б.з.д. VII ғ. ортасы – VI ғ.) бобров-тасмола мәдениетіне бөліп, сақ кезеңі ретінде сипаттайды. Ол сармат тайпалары мәдениетінің қалған үш кезеңін ежелгіпрохоровтық (б.з.д. VI ғ. екінші жартысы – V ғ. ортасы), ертепрохоровтық (б.з.д. V–IV ғғ. екінші жартысы) және прохоровтық (б.з.д. III–II ғғ.) деп белгіледі. Осылайша, бірінші кезең сақ кезеңіне, ал қалған үшеуі – сақ-сармат кезеңіне сәйкес келеді. Жалпы орал-қазақстан далаларының көшпенділеріндегі жерлеу дәстүрі мен материалдық мәдениет заттарында байқалатын өзгерістерді Орталық Азиядан, ең алдымен Солтүстік, Солтүстік-Батыс Қытай және Батыс Моңғолиядан көшпелі топтардың келуімен байланыстырады (Таиров, 2004: 3-4).

Батыс Қазақстан мен Оңтүстік Орал маңы ерте көшпенділер мәдениетінің қалыптасуы мен дамуы мәселелеріне, сондай-ақ Батыс Қазақстан ескерткіштерінің хронологиясы мәселелеріне С.Ю. Гуцаловтың бірқатар еңбектері арналды. Ол ертесарматтық мәдениет генезисінің ерте кезеңдері туралы ғалымдардың пікірлерімен ортақтаса отырып, оның қалыптасуының басталуын б.з.д. VI ғ. ортасына жатқызды. С.Ю. Гуцалов Оңтүстік Орал маңындағы жаңа мәдениет ескерткіштері қалыптасқан «дайын» күйінде пайда болды деп санайды.Оның пікірінше, мәдениет генезисінің үрдісінде қаратеңіздік скифтердің көшпенділері жетекші рөл атқарды. Олардың келуімен қару-жарақ пен ат әбзелдерінің жаңа түрлерінің, сондай-ақ қабір үсті ағаш конструкциялардың, камералы қабірлердің, оңтүстік бағдардың, тас стелаларының және антропоморфтық мүсіндердің таралуы байланысты. (Гуцалов, 2004: 115-116). Одан кейінгі еңбектерінде С.Ю. Гуцалов Батыс Қазақстан өңірінің далаларына Солтүстік Қара теңіз маңындағы көшпенділердің қоныс аударуының себептерінің бірін темір қорының, әсіресе түсті металл қорының көп болуымен түсіндірді. Оның гипотезасына сәйкес скифтер Батыс Қазақстан далаларына келген соң түсті металдар мен сауда бағыттарын бақылауға алды. Екі тарихи-мәдени аймақтың жерлеу дәстүрін талдау С.Ю. Гуцаловқа скифтердің қаралып отырған аумаққа миграцияның қайдан болғанын анықтауға мүмкіндік берді. Оның пікірінше, Батыс Қазақстан аумағына прохоров мәдениетінің қалыптасуында маңызды рөл атқарған Орта Днепр бойы скифтері қоныс аударған. Осылайша, С.Ю. Гуцалов Батыс Қазақстан мен Оңтүстік Орал маңы далаларына скифтердің миграциясы себептері мен қозғалысы орын алған өңірлерге қатысты өзінің гипотезасын нақтылады (Гуцалов, 2010: 84; 2011: 166).

С.Ю. Гуцалов Батыс Қазақстан мен Оңтүстік Орал маңы далаларында «от-ғибадатханалардың», қабір үсті ағаш құрылыстардың, бағаналы конструкциялардың, ұжымдық жерлеулердің, сазды ошақтардың және оңтүстік бағдардың пайда болуын Арал маңы сақтарының миграциялануы мүмкіндігімен түсіндіреді. Ол Батыс Қазақстан мен Оңтүстік Орал маңы далаларына сақтардың келуін А.Д. Таиров сияқты ахеменидтердің жаулап алу саясатымен байланыстырды. С.Ю. Гуцалов Оңтүстік Орал маңы аумағында ертесарматтық мәдениеттің қалыптасуының екі аумақтық орталығын електік және орлық деп бөледі. Кейбір зерттеушілерге қарама-қарасы, тальк керамикасы ежелгі көшпенділер мәдениетінің аумақтық ядросын бөлгенде негізгі қалаушы бола алады деген көзқарасты жоққа шығарады (Гуцалов, 2004: 116-117).

Б.з.б. V-IV ғғ. соңында Үстірт және Маңғышлақ жоталарын көшпенділдің кеңінен игеруі жүріп жатты. Б.з.д. V–II ғғ. жататын тас жәшіктер немесе тас шеңберлер ішіндегі ежелгі қабаттағы жерлеу орындарының көпшілігін және т.б. осы аумақтарды жайылымдық және қыстық ареалдар ретінде пайдаланған көшпенділер қалдырған болатын (Таиров, Гуцалов, 2001: 163).

Оңтүстік Орал маңы көшпенділері мәдениетінің этникалық атауынан бас тартудың жақтаушысы А.С. Скрипкин болды. Ол Оңтүстік Орал маңы халқының мәдениетін савромат деп атауға болмайды деген пікірмен келісе отырып, қазіргі археологияда осы аймақтың халқы туралы нақты жазба дерек көздері жоқ екенін алға тартты. Оның пікірінше, савромат мәдениеті тек Еділ-Дон қосөзені және Еділ сырты ескерткіштеріне ғана қолданылуы мүмкін. Осылайша олар б.з.д. VI–IV ғғ. екінші жартысы мен орта тұсында Оңтүстік Орал маңы мен Төменгі Еділ бойында екі түрлі мәдениет болды деген көзқарасты ұстанды (Скрипкин, 2007: 122, 124).

А.С. Скрипкин ертесармат (прохоровтық) мәдениетінің хронологиялық шеңберін біршама өзгерте отырып, кейінгі ескерткіштерді б.з.д. III–II ғғ. емес, б.з.д. II–I ғғ. ретінде даталауды ұсынды. Ол Төменгі Еділ бойының жерлеу дәстүрі мен материалдық мәдениеті заттарын талдай отырып, ертесармат мәдениеті ескерткіштерінің үлгілері нақ осы хронологиялық уақыт аралығында тіркеледі деген қорытындыға келді. Ол осылайша ортасармат мәдениетінің басын б.з.д I ғ. апарды (Скрипкин, 1987: 88-104).

